Қазақ әдебиеті 9 сынып

1. «Қыз Жібек» жырының қай кейіпкері аталған
   А) Байбөрі
   Б) Едіге
   В) Шеге
   С) Ақтан
   Д) Сүйінбай

2 Құдіреті күшті Құдай -ай,

Батар күнмен батайын,

Өзінен бұрын атайын.

Тым болмаса Құдай-ай,

Бекежанды өлтіріп,

Жастығымды ала жатайын, - үзінді қай жырдан алынған

А) «Айман-Шолпан»
Б) «Еңлік-Кебек»
В) «Қалқаман-Мамыр»
С) «Қыз Жібек»
Д) «Алпамыс батыр»

3.Қырғыз ақыны Қатағанмен айтысқан ақын

А) Жамбыл
Б) Жанақ
В) Сүйінбай
Д) Ақан
Е) Біржан

4. Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп жанады да, - деген кіріспемен басталатын Мағжанның қай поэмасы

А) «Оқжетпестің қиясында»
Б) «Батыр Баян»
В) «Ертегі»
Д) «Қойлыбайдың қобызы»
Е) «Қорқыт»

5.Жамбылдың сөз өнерінде пір тұтқан ұстазы

А) Мәшһүр Жүсіп
Б) Дулат
В) Жаныс
Д) Сүйінбай
Е) Ақан

6. Есім ханның әскербасы, жорықшы жырау
А) Жанақ
Б) Шернияз
В) Жаныс
Д) Жиембет
Е) Марғасқа

7. Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт, - деп басталатын толғау кімдікі
А) Қазтуған
Б) Ақтамберді
В) Көтеш
Д) Жиембет
Е) Марғасқа

8. «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», «Алғадайға» жырлары кімдікі

А) Мәшһүр Жүсіп
Б) Дулат
В) Жамбыл
Д) Сүйінбай
Е) Нұрпейіс

9.Жазушы Т.Әбдіктің қай шығармасы аталған
A) «Жетім»
B) «Боран»
C) «Жусан иісі»
D) «Қонақтар»
E) «Айша»

10. Мына үзінді Т.Әбдіктің қай шығармасынан алынған: «Қитар ұл ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ. – Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді? – Ептеп түсінеді. – Қой, қазақша үйретіңдер. – Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайт бұған кінә жоқ, - деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп.

A) «Жетім»
B) «Боран»
C) «Жусан иісі»
D) «Қонақтар»

Е) «Айша»

11. Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп, түсер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты, - деп толғаған ақын
А) Мұрат
Б) Нарманбет
В) Жамбыл
Д) Сүйінбай
Е) Шортанбай

12. Ерғабыл қарт, Сапабек, Жеңіс қай шығарманың кейіпкерлері
А) «Жетім»
В) «Боран»
С) «Жусан иісі»
D) «Қонақтар»
Е) «Айша»

13. Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да баламызды бермейміз деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап, -

Жамбылдың қай кезең оқиғасына арнап шығарған өлеңі, берілген шумақ қай ұйқасқа құрылған

А) Азамат соғысына арналған, кезектес ұйқас
В) 1916 жылғы тарихи оқиғаға арналған, қара өлең ұйқасы
С) Екінші дүниежүзілік соғысқа арналған, қара өлең ұйқасы
D) Азамат соғысы кезеңін суреттейді, шалыс ұйқас
Е) Ұлы Отан соғысы кезеңіне арналған, қара өлең ұйқасы

14. Еділді алып - елді алды,
Енді алмаған нең алды?
Кетейін десең жерің тар,
Кетпейін десең кәпір бар, - шумағының авторы

А) Асанқайғы

Б) Қазтуған

В) Шортанбай

Д) Күдеріқожа

Е) Мұрат

15. Құрмаш қай шығарманың кейіпкері?

А) «Текті қасқыр»

Б) «Ақазу»

В) «Қилы заман»

Д) «Көксерек»

Е) «Қараш-Қараш оқиғасы»

16. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырының басты кейіпкерінің бірі

А) Шалкиіз

Б) Доспамбет

В) Үмбетей

Д) Ақтамберді

Е) Жиембет

17. Әкеміз, ағамыз құрған халықтың,
Аты, даңқы өшпесін деп,
Түркі халқы үшін,
Түн ұйықтамадым.
Күндіз отырмадым, - деген үзінді қай жырдан алынған

А) «Оғыз-наме»

Б) «Қорқыт ата»

В) «Диуани хикмет»

Д) «Күлтегін»

Е) «Хиссасұл әнбия»

18. Елтеріс, Білге, Тоныкөк қай жырдың кейіпкерлері

А) «Күлтегін»

Б) «Қорқыт ата»

В) «Диуани хикмет»

Д) «Оғыз-наме»

Е) «Хиссасұл әнбия»

19. «Күлтегін» жырынан алынған үзінді қай кейіпкердің сөзі

Тауғаш, оғыз, құтан-
Құл үшеуі біріксе, біз-
Өз іші-тысымызды ұстап қала алмаспыз
Жұқаны бүктеу – оңай.
Жұқа қалыңдаса,
Оны тек алып бүктейді.
Жіңішке жуандаса,
Оны тек алып бүктейді

А) Тоныкөк

Б) Білге

В) Елтеріс

Д) Күлтегін

Е) Қорқыт

20. «Бастыны еңкейттім, тізеліні бүктірдім, азды көп қылдым, кедейді бай қылдым» деген жолдар қай жырдан алынған

А) «Диуани лұғат ат түрк»»

Б) «Күлтегін»

В) «Диуани хикмет»

Д) «Ақиқат сыйы»

Е) «Хиссасұл әнбия»

21. Толғаудың авторы кім?

Бұдырайған екі шекелі,

Мұздай үлкен көбелі,

Айдаса қойдың көсемі,

Сөйлесе қызыл тілдің шешені

А) Шалкиіз

Б) Доспамбет

В) Қазтуған

Д) Ақтамберді

Е) Марғасқа

22. Мына шумақ кімдікі, қандай ой берілген

Сөйткен менің Еділім,

Мен салмадым, сен салдың.

Қайырлы болсын сіздерге,

Менен қалған мынау Еділ жұрт

А) Шалкиіз, елімен қоштасу

Б) Қазтуған, береке, тыныштық тілеу

В) Доспамбет, елін мадақтау

Д) Ақтамберді, батырлыққа шақыру

Е) Марғасқа, береке, тыныштық тілеу

23. «Көзін ауылға келгесін үш күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Ертеңді-кеш асқұйғыш итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды. Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Жаз ортасына жақындаған кез болды. Ол үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес», - үзіндісі қай қаламгердің туындысынан алынған

А) М.Дулатов. «Шернияз»

Б) М.Дулатов. «Қанапия-Шәрбану»

В) М.Әуезов. «Көксерек»

Д) С.Торайғыров. «Кедей»

Е) М.Әуезов. «Қараш-қараш оқиғасы»

24. «Қорқыт ата кітабы» қай дәуірдің мұрасы

А) оғыз-қыпшақ дәуірі

Б) Алтын орда дәуірі

В) көне дәуір

Д) XII ғасыр

Е) XV ғасыр

25. Мына үзіндіде қайталаудың қай түрі бар:

Мынау заман қай заман,

Азусызға тар заман,

Азулыға бар заман

А) анафора

Б) жай қайталау

В) еспе қайталау

Д) эпифора

Е) ассонанс

26.«Мәшhүр» сөзінің мағынасы

А) қаhарман, батыр
Б) белгілі, даңқты
В) қолбасшы, жетекші
Д) дін өкілі, молда
Е) ақын, өнерпаз

27.«Асыл сөз» деген мағынаны білдіретін:
А) әдебиет
В) бейнелеу
С) шешендік өнер
Д) кескін
Е) әуен

28. «Сен – алтынсың, мен – пұлмын,
Сен – жібексің, мен – жүнмін,
Сен – сұлтансың, мен -құлмын, - толғауы кімдікі, кімге арнаған
А) Бұқар, Абылай ханға
Б) Ақтамберді, Барақ биге
В) Үмбетей, Бөгембай батырға
Д) Жиембет, Абылайға ханға
Е) Шалкиіз, би Темірге

29. «Үш қиян» толғауы кімдікі

А) Шортанбай
Б) Шернияз
В) Мұрат
Д) Дулат
Е) Нарманбет

30. Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз.
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екенбіз, - толғауы кімдікі

А) Бұқар
Б) Ақтамберді
В) Үмбетей
Д) Көтеш
Е) Шал

31. «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек, Райымбек» поэмаларының авторы

А) Қ.Аманжолов
Б) Ғ.Қайырбеков
В) М.Мақатаев
Д) Ә.Тәжібаев
Е) Қ.Жармағамбетов

32. Ұйқас, бунақ, буын қай жанрға тән?

А) поэзия

Б) проза

В) драма

Д) мысал

Е) хикая

33. «Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр», «Байбөрі баласы Бамсы Байрақ» жыры қай кітапта

А) «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі»

Б) «Қорқыт ата»

В) «Диуани хикмет»

Д) «Күлтегін»

Е) «Хиссасұл әнбия»

34.Тәңірдей, тәңірден жаралған,
Түрік білге қаған.
Бұл шақта отырдым,
Сөзімді түгел есітіңдер:
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,
Біріккен әулетім, халқым,
Оңымда шад, апа бектер
Солымда тархан, бұйрық бектер.
Тоғыз оғыз бектері, халқы,
Бұл сөзімді мұқият тыңда,
Терең ұқ, - деген үндеумен басталатын қай жыр

А) «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі»

Б) «Қорқыт ата»

В) «Диуани хикмет»

Д) «Күлтегін»

Е) «Хиссасұл әнбия»

35. «Қорқыт» сөзінің тарихи-лингвистикалық мағынасы

А) «қор»

Б) «құт»

В) «ел»

Д) «аймақ»

Е) «үрей»

36. «Қорқыт ата» кітабының неше нұсқасы бар

А) 2

Б) 3

В) 4

Д) 5

Е) 7

37. Әкесі Елтеріс секілді, «тізеліні бүктіріп, бастыны еңкейтеді». Бұрын тауғаштарға бағынып, құл болып келген түркілер енді өздері иелік етті, яғни «құл-құлды болды, күң-күңді болды». Жерінің кеңейгені сонша, «інісі ағасын білмес еді, ұлы әкесін білмес еді». Үзінді қай жырдан алынған

А) «Қорқыт ата»

Б) «Оғыз қаған»

В) «Даналық кітабы»

Д) «Күлтегін»

Е) «Хиссасұл әнбия»

38. Сюжеті XY ғасырда проза түрінде хатқа түскен жыр

А) «Қорқыт ата»

Б) «Оғыз қаған»

В) «Даналық кітабы»

Д) «Күлтегін»

Е) «Хиссасұл әнбия»

39. «Дерсеханұлы Бұқаш туралы» қай жырда

А) «Хиссасұл әнбия»

Б) «Оғыз қаған»

В) «Даналық кітабы»

Д) «Күлтегін»

Е) «Қорқыт ата»

40. «Қорқыт ата кітабындағы» негізгі жырлардың бірі

А) «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ»

Б) «Құтты білік»

В) «Елтерістің ерлігі»

Д) «Тоныкөк даналығы»

Е) «Ұмай ана»

41. Бірлігіннен айырылма,

Бірлікте бар қасиет.

Татулық болар береке,

Қылмасын жұрт келеке, - үзіндісі кімдікі

А) Ақтамберді

Б) Бұқар

В) Жиембет

Д) Шалгез

Е) Үмбетей

42. «Құстың қонар жерін су білер, малдың бара жерін ну білер» нақылы кімдікі

А) Доспамбет

Б) Шалкиіз

В) Қорқыт

Д) Асанқайғы

Е) Үмбетей

43.Жоғары қарап оқ атпа,

Жуық түсер қасыңа.

Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,

Күндердің күні болғанда,

Сол жаман айғақ болар басыңа.

Жақсы да келер бұ көпке,

Жаман да келер бұ көпке,

Түгел іс қойып болмас бір кепке, - үзіндісі қай жыраудан алынған

А) Доспамбет

Б) Шалкиіз

В) Қорқыт

Д) Асанқайғы

Е) Үмбетей

44. Ахмет Ясауидің еңбегі қайсы

А) «Бәмсі-Байрақ»

Б) «Құтты білік»

В) «Даналық кітабы»

Д) «Диуани лұғат»

Е) «Оғыз-наме»

45. Сөзімді айтам, кімдер болса дидар талап,

Ашық сөйлеп жан ашырдай жанға балап.

Ғаріп, пақыр жетімдердің көңілін аулап,

Пейілі бөтен халайықтан қаштым міне. Қай жырдан алынған үзінді

А) «Бәмсі-Байрақ»

Б) «Құтты білік»

В) «Диуани лұғат»

Д) «Даналық кітабы»

Е) «Оғыз-наме»

46. Қамажай, Гауһар, Омар қай шығарманың кейіпкерлері

А) Т.Әбдік. «Парасат майданы»

Б) Д.Исабеков. «Әпке»

В) О.Бөкей. «Тортай мінер ақбоз ат»

Д) Т.Әбдік. «Оң қол»

Е) Т.Ахтанов. «Күй аңызы»

47. Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі қай кезең оқиғасын қамтиды

А) екінші дүниежүзілік соғыс

Б) ашаршылық кезеңі

В) Ұлы Отан соғысы

Д) кеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары

Е) тәуелсіздік кезеңі

48. «Ұшқан ұя» повесінің кейіпкерлері

А) Имаш, Қызтумас, Момынқұл

Б) Оразқұл, Момын, Бекей

В) Нәзира, Қасымбек, Света

Д) Қанат, Тоқтар, Нәзира

Е) Бағила, Көбей, Рысбек

49. «Мәңгілік бала бейне» шығармасының кейіпкері

А) Алма

Б) Ләйла

В) Бағила

Д) Іңкәр

Е) Айша

50.Айналасын жер тұтқан,

Айды батпас демеңіз.

Айнала ішсе таусылмас,

Көл суалмас демеңіз.

Құрсағы құшақ байлардан,

Дәулет таймас демеңіз, - деп басталатын толғау кімдікі

А) Бұқар
Б) Ақтамберді
В) Үмбетей
Д) Көтеш
Е) Шал

51. «Құтты білік» дастаны ғай ғасырдың мұрасы

А) VII ғасыр

Б) VIII ғасыр

В) IX ғасыр

Д) XI ғасыр

Е) XII ғасыр

52.«Біржан – Сара» айтысындағы Сараның Жиенқұлды сырттай «мақтап» таныстыруында қандай тәсіл берілген:

Көрінсін Біржан салға ай секілді,
Ақ құйрық, көңіл ашар шай секілді.
Ұсынса қол жетпейтін арғымағым,
Арғынға баламаймын тай секілді.

А) мадақтау

Б) ирония

В) мысал

Д) аллегория

Е) градация

53.Сөздің әсерін, айтатын ойды күшейте түсу үшін, бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше рет қолданатын айшықтаудың түрі не деп аталады

А) дамыту

Б) градация

В) аллегория

Д) қайталау

Е) арнау

54.«Асқар таудың өлгені, басын мұнар шалғаны. Көктегі бұлттың өлгені, аса алмай таудан қалғаны, қара жердің өлгені, қар астында қалғаны», «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген нақылдар кімдікі

А) Асанқайғы

Б) Ақтамберді

В) Бұқар

Д) Марғасқа

Е) Жиембет

55.Сүйгеніне қосыла алмай, ескі әдет-ғұрыптың құрбанына айналған қыздың тағдыры суреттелген Б.Майлиннің прозалық шығармасы

А) «Берен»

Б) «Қалың мал»

В) «Шұғаның белгісі»

Д) «Қорғансыздың күні»

Е) «Күлпәш»

56.Мен - Арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен - бұзау терісі шөншіксің,
Мен - өгіз терісі талыспын.
Егер Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын
Абылай алдында сен бітпесең,
Атасын білмес алыспын, - деп Керей руына сес көрсете сөйлеген жырау

А) Марғасқа

Б) Жиембет

В) Үмбетей

Д) Бұқар

Е) Шернияз

57.Қазақтың атақты үш биінің қайсысы аталған
А) Бөлтірік
Б) Бұқар
В) Әйтеке
Д) Құлмамбет
Е) Махамбет

58. «Күндерде бір күн Тәңірге жалбарынып отырады, қараңғыда көктен бір жарық сәуле түсті. Ол көктен түскен, маңдайында оттай сәуле шашқан, алтын қазықтай меңі бар қыз екен. Қаған сол қызды алып, одан үш ұлды болды. Күн, Ай, Жұлдыз деп ат қойды», - деген үзінді қай жырдан алынған

А) «Қорқыт ата»

Б) «Оғыз қаған»

В) «Даналық кітабы»

Д) «Күлтегін»

Е) «Хиссасұл әнбия»

59.Әдеби бейненің кескінін, сырт пішінін суреттеу қалай аталады

А) мінез
Б) образ
В) конфликт
Д) характер
Е) портрет

60.Абдрахман, Айнабай, Есімбек кейіпкерлер Б.Майлиннің қай шығармасында кездеседі

А) «Айт күндері»
Б) «Берен»
В) «Шұғаның белгісі»
Д) «Айранбай»
Е) «Күлтай болыс»